

«Қазақ жерінің тарихи қайраткерлері».
«Исторические личности земли Казахской»
тақырыбына жасалған зерттеу жұмысының жобасы.

Жобаның жоспары:

- Тақырыбы
- Мақсаты
- Міндеттері
- Мазмұны
- Өзектілігі
- Күтілетін нәтиже

Кто не помнит прошлого,
у того нет будущего.

Жезқазған қаласы. № 3 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Альмишева Ляззат Шайзаевна

Мазмұны

- ✓ Байжігіт (XIV- XVII ғасырлар)
- ✓ Доспамбет жырау (XVI ғасыр)
- ✓ Асан Қайғы. (XV ғасыр).
- ✓ Қазтұған (XV ғасыр)
- ✓ Боғда (XIX ғасыр)
- ✓ Абыл (1820-1892 жылдар)
- ✓ Мәмен(1859-1931 жылдар)
- ✓ Қожеке (1823-1881)
- ✓ Өскенбай (1860-1925 жылдар)
- ✓ Сейтек (1861-1933 жылдар)
- ✓ Махамбет (1804-1846 жылдар)
- ✓ Сармалай (1835-1885 жылдар)
- ✓ Тоқа (1830-1914 жылдар)
- ✓ Дәуітбай (1873-1937 жылдар)
- ✓ Дайрабай (1860-1937 жылдар)
- ✓ Ұлықбек (1394-1449)
- ✓ Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж.с.д. 570-520)
- ✓ Царица амазонок Ипполита (легенда о том, как произошли сарматы-один из древних тюркских народов Средней Азии)
- ✓ Царевна Фарангиз-дочь царя Афрасиаба
- ✓ Царица Турана Зарина
- ✓ Кыпчакская принцесса Гурандухт
- ✓ Каган Моде
- ✓ Темуджин. Чингис хан
- ✓ Байбарыс сұлтан. (Бейбарыс әд-Мәлік әз-Заһир әд-д-дин Байбарыс әд-Бундуклари әл-Салихи). (1223-1277)
- ✓ Еділ батыр. (Аттила)
- ✓ Қаракерей Кабанбай батыр

Жобаның мақсаты:

оқушыларды өз халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан рухани өнерін терең түсініп, оған деген қызығушылығы мен ынта жігерін ояту;
халықтық мұраны құрмет тұтатын, халқымыздың асыл мұрасын қастерлеуге халық композиторларының, ұлттық аспаптарды білуге, насихаттауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

тарихи мұра ретінде бағаланатын халық әндерінің түрлі ерекшеліктеріне бағыттай отырып, халықтық дәстүрді жаңаша қырынан зерттеп оқушыларының жұмысына осылайша үнемі назар аударылып, болашағына жол ашу, үлгі көрсету, бағыт беру.

Жобаның өзектілігі:

Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген халықтардың бірі-қазақ халқы. Ұлттық тәрбие берудің ғасырлар бойы жинақтаған әдіс-тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол ұрпақты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу үшін халықтың салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор. Оқушылар санасына туған халқына деген құрмет мен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіруде бұл жобаның алатын орны ерекше. Ел-жұрт уақыт озған сайын салт-дәстүрге жаңалық енгізіп, оны қоғамдық болмыс көріністеріне бейімдеп, өзгертіп ұлттық дәстүрді қастерлеуге үйретеді. Ұлттық дәстүрлерді сақтау, меңгеру келесі ұрпаққа табыс ету-бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ата-бабаларымыздың өмір сүрген кезінен бастау алатын рухани мұратымыз-халықтық педагогика. Халықтық педагогика-тәрбиенің негізгі түйіні. Халқымыздың мыңдаған жылдар бойы тірнектеп жинаған рухани мұрасы.

Күтілетін нәтиже

Оқушылар нәтижесінде қазақ музыкасы мен өнерінің тарихы бойына жинақтайды, алған білімін дамытуды ары қарай жетілдіреді.

Айтыс өнері, театр, опера және балет, кино өнері туралы мағлұмат беру арқылы оқушыларды адамгершілікке, эстетикалық көзқарасының талғамының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді;

Халықтың мәдени мұрасына қамқорлықпен қарауға, оны бағалай білуге үйретеді;

Халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлейтін қазақ музыкасы мен өнерін құрмет тұтатын азамат тәрбиелейді.

Жыраулар

Жырау – жыршы емес. Өйткені жыршының бәрі ақын бола бермейді. Өз жанынан еш нәрсе шығармай-ақ біреудің шығарғанын жаттап алып та жыршы атануы мүмкін.

Жырау - әрі ақын, әрі шешен. Ең алдымен, ырғағы бар, ұйқасы бір белгілі өлшемге жататын өленді жыраулардың өздері шығаратын болуы шарт. Екіншіден, жыраудың сөздері терең мағыналы, сырты сұлу шешен сөздер, нақыл сөздер болып келуі керек. Үшіншіден, әлеуметтік өмірде кейінгілерге үлгі боларлықтай терең ойлы пікір айтуы қажет. Сонда ғана ол шын мәнісіндегі жырау атағына ие болады.

- Асан Қайғы
- Доспамбет жырау
- Қазтуған жырау
- Шалкиіз жырау
- Ақтамберді жырау
- Жиёмбет жырау
- Үмбетей жырау
- Бұқар жырау

Байжігіт Өр Алтайда дүниеге келген әйгілі күйші. Шежіре жөнімен таратқанда, Орта Жүз өз ішінде Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Керей, Уақ болып алты арыс ел кұраса, соның Керейінен-Абақ және Ашамайлы аталары тарайды. Абақ Керей өз ішінде он екі атаға бөлінсе, соның бір атасы Жастабан ұрпақтарынан Байжігіт туады.

Байжігіттің өмір сүрген кезеңі Шыңғысханның қанды жорығынан көп зардап шеккен Керей тайпасының ата қоныстан ірге көтеріп, жаңа қонысқа орныға қоймаған беймаза шақ болған. Бес жасында ата-анадан жетім қалған Байжігіт өмірдің қиындығын көре жүріп, халық басындағы ауыртпалықты көкірегіне тоқып өскен. Бұл жолда оның жұбаныш тауып, халық қасіретіне араша түсері де домбырасы болған.

Байжігіт шығаған күйлердің мол нұсқасы Шығыс Түркістанда, Өр Алатайда, Семей облысының Шұбартау аудданында күні бүгінге дейін тартылады. Әйгілі күйшінің мұрасын зерттеп, халқымыздың рухани игілігіне айналуына М.Мағауин, О. Хаймодин, Т. Әсемқұлов сияқты ғалым-зерттеушілеріміз бен өнерпаз домбырашыларымыз көрп еңбек сіңіріп жүр.

Байжігіттің күйлері. «Азат» (екі нұсқасы бар), «Алмажай», «Аңшының зары», «Ақтабан», «Арман», «Әлдисұр», «Беласар», «Бөкен жарғақ», «Бұлғын сусар», «Былқылдақ», «Дәлдірең торы», «Жетім торы», «Жұмағұл», «Ерке атан», «Қайың сауған», «Қара жорға», «Қашқан қалмақ», «Қоңырат», «Қосбасқан», «Қособа», «Қос сиыр», «Кербалақ», «Көкейкесті», «Көңіл», «Көктөбе», «Күншуақ», «Көкбалақ», «Көк қаршыға», «Нарын», «Сара би», «Секіртпе», «Сылаң торы», «Тоғыз тоты» т.б.

Байжігіт (XIV- XVII ғасырлар)



Доспамбет жырау XV ғасырдың 90 жылдарының орта шенінде Азау қаласында туады. Сол кезде Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты. Доспамбеттің бүкіл Дешті-Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайда да болғаны, сахара тұрмысымен қатар мұсылман кенттерінің жайына да қаныққаны аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахань түбінде қаза табады. Өмірмен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы әлі отызға да толмаған еді.

Доспамбет жырау (XVI ғасыр)



Асан қайғы толғаулары

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл тас,
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан сөз,
Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып
күн көрер,

Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтып
күн көрер!?

Шыбын шықса жаз болып, таздар
қайтып күн көрер,

Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтып күн
көрер!?



Асан Қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді.

Асан қайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты:

«Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас» депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс» депті.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес» деп Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.


Әулиеатаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған ел білер» депті.

Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқезған жері):
«Айналаң жапан түз екен, тауыңның асты жез екен. Жұртың ашықпас!» деп жүріп кетіпті.

Шыңғырлау өзенін көргенде, Асан түсе қалып, Желмаясын суарады: «Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің! деп қонып кетіпті.

Асан шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен екен. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты.

Асан қайғының жерұйықты іздегені



АСАН ҚАЙҒЫ КҮМБЕЗІ



Асан ата бейіті Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарасты “Бәйгекүмнан” бес шақырым жерде тұр. Түбіне қойылған тақтада бұл ескерткіштің XVI ғасыр туындысы екендігі көрсетілген.

Қазтуған (XV ғасыр)



Орта ғасырлық тұлғалар сияқты Сүйінішұлы Қазтуған да әрі батыр, әрі ақын, әрі күйші, әрі би, әрі шешен. Сегіз қырлы, бір сырлы. Ол өзі туралы:

«...Бұлыт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәпірдің
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан,
Сүйіншіұлы Қазтуған!»-

Дейтіні сондықтан. Алтын Орданың қос босағасындай болған, кіндігі бір ноғай қазақтың қақ бөлінуі, ата жұрты Еділден ірге көтеруді Қазтуған сияқты эпикалық қарымдағы тұлғаның жүрегін қақыратып өтіп, өмірлік қасіретіне айналған. Ол қасіреті шерлі күй, шежіре жыр түрінде сыртқа шыққан.

Қазтуғанның ат жалын тартып мініп, ата жолын қуып, ел ісіне араласқан ортасы Ддешті Қыпшақтың кіндік мекені Еділ мен Жайық арасы, Каспий алабы, Қарасу деген жерлер. Ол қиын кездегі көп қиқушының бірі емес. Сол даланың бағы мен сорын пешенесіне балаған ел басыларының әулетінен шыққан. Оның тепсініп сөйлеп, таусылып айтып, тебірене күй төгуінде осындай гәп бар.

Қазтуған жырларына қарағанда, ол өзінен жасы үлкен Асанқайғының көзін көріп, үлгі-өнеге алған.

Бүгінгі күндерімізге Қазтуғанның «Сағыныш», «Құлақ күй», атты күйлері жеткен.

Қазақ әдебиеті төлбасыларының бірі – Қазтуған жырау Сүйінішұлы шамамен ХҮ ғасырдың 20-30 жылдарында Еділ бойында, қазіргі Астрахань облысының Красный Яр қаласының маңында туады.

Көшпенді шонжарлар әулетінен шыққан Қазтуған Еділдің салалары Аққұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы көсемі, әскербасы батыры болады. Дәшті-Қыпшақта ХҮ ғасырдың ұзына бойына созылған бұлғақ кезінде оның кімдерді жақтағаны, не істегені белгісіз. Тек ғасырдың екінші жартысында өз қарауындағы руларымен бірге Еділден ауып, Қазақ Ордасының құрамына өткендігін білеміз. Сірә, бұл қазақтардың қазіргі Қазақстан жерінің орталық және батыс бөлігін түгелге жуық қайта иеленіп, біршама күшейген шағы, яғни 1460-1480 жылдардың арасы болса керек. Жыраудың бұдан соңғы өмірі туралы дерек сақталмаған.

Қараұлы Боғданың туып-өскен жері Жем, Сағыз өзендерінің бойы болғанымен, ол Ақтөбе, Гурьев, Орал өңірін, Маңғыстау түбегін еркін аралап, бұл тәңіректің күйшілік дәстүрін терең меңгерген. Исатай, Махамбет сияқты ел қорғаны болған азаматтармен, Соқыр Есжан сияқты дәулескер күйшілермен қадірлес, сыйлас болған. Абыл, Қошқар, Еспай, Кәуен, Арыстан сияқты күйшілердің өнеріне ден қойып өнеге тұтқан.

Боғда өзінің шығармашылығында отбасы, ошақ қасының немесе ауыл арасының күйкі көрністерімен шектелмейді. Ел қамы, халық тағдырына алағ көңілімен әлеуметтік үні айқын күйлер шығарады. Бұл орайда оның шоқтықты күйлері «Қаражаяу», «Боғда», «Бозтөбе» екеніне күмән жоқ. Қазақстан күйшілік дәстүрінде тармақты күйлерді тарту, сол тармақты күйлердің өрісін ұзарту кез келген күйшіге сын болса, Боғда әйгілі алпыс екі тармақты «Ақжелең», «Кербез керік» деп аталатын екі күй қосқан адам.

Боғданың күйлерін бүгінгі күнімізге жеткізушілердің ішінде О. Сүйіндіков, Н.Қыдырғалиев, М. Өскенбаев, Л. Мұхитов сияқты домбырашыларды ризашылықпен еске аламыз.

Қараұлы Боғданың күйлері: «Боғда», «Бозтөбе», «Жем-су», «Екіндіде ел іздеген», «Кербез Ақжелең», «Кербез керік», «Қара жаяу», «Сегіз лак» т.б.

Боғда (XIX ғасыр)



Тарақұлы Абыл Маңғыстау түбегіндегі Оймауыт, Желтау деген жерде дүниеге келген. Ата дәулетінің арқасыда не ішем, не кием демей, еркін өсіп, ертерек атқа мініп, оң-солын танып өседі. Өз ортасының әнші-күйші, аңшы-сері азаматтарымен еркін араласып, даланың рухы биік салт-дәстүріне ден қояды. Тек өз ортасының өнерпаздық дәстүрі емес, бір шеті Хиуа мен Қарақалпақстан, бір шеті Түркіменстан арасындағы өнерпаздыққа Абыл көзі мен көкірегін қаңықтырып өседі. Ол өз замандастарының ішінде Құлшар, Боғда сияқты күйшілермен, Балапан сияқты ақындармен қадірлес, сыйлас болған. Абыл «алпыс екі тармақты Ақжелеңді» жеріне жеткізе тартып, оны өз «Ақжелеңімен» толықтырған күйші.

Абыл да өзі өмір сүрген заманның қиындығы мен қызығын күйлеріне арқау етіп, туған елдің әйгілі ұл-қыздарына арнап күй шағарған. Оның күйлерінің сырт бітімі сабырлы сияқты көрінгенімен, іші терең тартысқа толы мазмұнды болып келеді.

Тарақұлы Абылдың күйлері «Абыл», «Ақжелең», «Ақсаққұла», «Әрәнжанның шалқымасы», «Кеңес», «Нартау» т.б.

АБЫЛ (1820-1892 жылдар)



Ералыұлы Мәмен қазіргі Орал облысына қарасты Жаңақала ауданының Қарасамыр деген жерінде дүниеге келіп, осы облыстағы Фурманов ауданының Бекалмақ деген жерінде дүние салған. Мәмен әйгілі Әлікей, Түркеш сияқты дәулескер күйшілердің қанатты өнерін бесік жыры сияқты құлағына сіңіріп өссе, ұлы Құрманғазының жанына еріп тағылым алған. Орайлы жерде Мәмен өз тұрғыластармен өнер сайысына түсуден тартынбаған. Бұл орайда, Дина мен Мәмен арасындағы күй айтысы ел есінде калған.

Мәменді күйші ретінде даралап тұрған қасиет, оның күйлеріндегі түр мен мазмұнның тастан қашалғандай тұтастықта жаратылуы десе лайық. Бөтен дыбыс, бөгде қағыс Мәмен күйлеріне мүлде жат. Оның күйлерінің әуен-сазы мен бітім-құрылысының біте қайнасып жататыны соншалық, бірде-бір дыбыстық иірімдері қақас қадлдырып тарту мүмкін емес. Ол былай тұрсын, Мәмен күйлерінің қат-қаттымен түсетін жүйесін, рет-ретімен тартылатын бөлім-буындарын ауысытырп тартуға да болмайды. Яғни, оның күйлері жанды жаратылыс сияқты, артық біткен ештенесі жоқ, бір ғана демнен жаралып, табиғаттың өз құрсағынан туғандай әсер береді.

Ералыұлы Мәменнің күйлері: «Ақшолпан», «Дұрбелең, «Қайғылы қара», «Кербез Ақжелен», «Он алтыншы жыл» т.б.

Мәмен (1859-1931 жылдар)



Назарұлы Қожеке Жетісудың төрі есептелетін Қарқарада дүниеге келген. Шыққан тегі Ұлы Жүз ішіндегі Албан тайпасы. Албан ішінде Сары-Сүйерқұл-Бозым-Құрбан болып өрбиді.

Қожекеннің ел ісіне ерте араласуына әке тәрбиесі ықпал еткен. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Жетісуға тізе батыра бастаған Ресейдің отаршыл саясатына бас имеген Қожеке 1862 жылы төрт жүздей үйді бастап, түріле көшкен беті Текес өзенінің бойына келеді. Қожеке бастаған рулы елдің көшіп келуіне Қытай өкіметі де бейтарап қарамаған. Алғашқыда Қожекеге шын-шекпен беріп, өздеріне қолшоқпар етпекші болады. Бірақ, Қожеке сияқты тіртуар тұлға халқының қамына қиянат болар іске қия баспайды. Ақыры айтқанына көндіре алмаған Қытай өкіметі Қожекені Күре түрмесінде көмір шоғына қақтап өлтіреді. Қожеке өзі куә болған, өзін толғандырған өмір құбылыстарының баршасын күй тілінде баяндап отырған. Уақыт құрдымына ұмыт болғанына қарамастан бүгінгі күнімізге Қожекеннің жүзге тарта күйлері жеткен. Оның күйлері күні бүгінге дейін Жетісу, Алтай, Ертіс, Тарбағатай, Бұртала, Іле өңірлерінде тартылады.

Назарұлы Қожекеннің күйлері: «Ағарсынның ақ толқыны», «Аққу», «Арман», «Баекенің естіртуі», «Балаларыма», «Балам-ау», «Боз жігіт», «Бөлтірік», «Біржан сал», «Жиренше», «Қарашаштың қазасын естірту», «Жиреншенің Қаршашты жоқтауы», «Кертөлғау», «Көрұғлы сұлтан», «Күй бастар», «Күй шақыртқы», «Қамбархан», «Қолға алынар алдында», «Қос келіншек», «Қинау», «Құл пенде», «Мұңлық», «Өз қолым», «Рабат төренің естіртуі», «Раушан», «Сайрам көл», «Сарбапы бұлбұл», «Тарпу», «Тоқтарым», «Түрмедегі қинау», «Шалқайма» т.б.

Қожеке (1823-1881)



Қалманбетұлы Өскенбайдың туған жері Маңғыстау облысының Ералиев ауданына қарасты Жетібай селосы. Ал, дүние салып топырақ бұйырған жері Маңғыстаудың Қарақия жотасының Доңаза деп аталатын жері.

Қалманбеттен Өскенбай, Үлкенбай атты екі ұл, Көркей, Шырай, Ақжан атты үш қыз өрбіген. Осы бес перзенті де бірін-бір жібермейтін, бірімен-бірі тайталасқан домбырашылар болыпты. Демек, Өскенбайдың күйшілік өнерінің бастау қадамы өскен ұясындағы әдемі дәстүрде жатыр. Кейін Атырау алабын еркін аралап, Лекер, Жоламан, Мылқайыр сияқты күйшілердің, Тәңірберген, Жолды, Арал, Сүйінбай, Қартбай сияқты ақын-жыраулармен, Әділ, Шалтаман, Тастемір сияқты әншілермен үзеңгілес болып, «Адайдың жеті қайқысының» бірі атанды.

Өзінің туып-өскен ортасындағы күйшілік-домбырашылық өнерді Өскенбай жеріне жеткізе меңгерген. Оның репертуарында екі жүздей күй болған. «Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын, творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрде де өз алдына бір төбе болып тұрған адайлық күйлердің негізгі қорын бір басына жинаған Өскенбайдың біздің халықтық аспап музыкасында алатын орыны ерекше», - дейді академик Ахмет Жұбанов.

Қалманбетұлы Өскенбайдың күйлері: «Соқыр қыз», «Жаңылтпаш», «Қынжал», «Өрелі мая», «Шөлмек сынған», «Ыңғай төк», «Кербез Айша», «Жирен жорға», «Жеті бұлбұл», «Бала Науайы», «Өмір күйі», «Ақжелеу» т. б.

Өскенбай (1860-1925 жылдар)




Оразалыұлы Сейтек қазіргі Орал облысының Орда ауданында дүниеге келіп, Астрахань облысының Қарабайлы ауданында дүние салған.

Сейтекті домбыра тартуға баулап, алғаш тәлім берген кісі Шошақ деген домбырашы. Кейін Әлікей, Мақар, Салауаткерей, Тұрып сияқты домбырашылармен танысып, сол өңірдің бай музыкасына құлақ қандырды. Домбыраға айырықша ден қойып, өз жанынан күй шығара бастайды. Сейтек өзі өмір сүрген заманның ауырлық-тауқыметін көп көрген күйшісі. Оның азатшыл рухы, әділет сүйгіші болмысы кер заманның кесапатты қалпымен бітіспей өткен. Өмірінің көбін қуғын-сүргінде өткізген Сейтек Орда, Үркіт, Астрахань, Москва түрмелерінде болған. «Саяси аса қауыпты» деген айыппен Сібірге жер аударылған. Содан да болар, Сейтек күйлері ішкі мазмұнға бай, толғамдары терең, әуен-сазы мұңды болып келеді. Бұған қоса, домбыраның бар мүмкіндігін еркін пайдалана білген. «Сейтек перне» атанып кеткен бес пернемен тартылатын оқшау сарындағы күйлерімен де Сейтек күй сүйер қауымды айырықша тәнті етеді.

Оразалыұлы Сейтектің күйлері: «Айдау», «Арман», «Балқаймақ», «Бес қыз», «Бұлбұл Айдай», «Ғазиз», «Еркіндік», «Жантаза», «Заман», «Заман-ай», «Көк ала ат», «Қарашаш», «Қызыл сұңқар», «Марш», «Он алтыншы жыл», «Он жетінші жыл», «Ортпа», «Сексен ер», «Тойбастар» т.б.

Сейтек (1861-1933 жылдар)



Махамбет

(1804-1846 жылдар)

Өтемісұлы Махамбет-халықтық азаттығын көксеген күрескер, қол бастаған батыр, күдіретті ақын, дәулескер күйші. Туып-өскен жері Ішкі Бөкей ордасындағы Бекетай деген өңір. Бұл-қазіргі Орал облысының Жәңібек ауданына қарайтын жер.

Махамбет өзінің барша болмыс қасиетімен көшпелілер көсемінің соңғы тұяғы. Ол өзі туып-өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарған, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шәлғиіз, Жиёмбет, Доспанбет сияқты бір туар тұлғалардың өлмес мұрасын көкірегіне тоқып өскен. Әйгілі Сырым батырдың әділет сүйгіш, азатшыл рухы Махамбеттің бесік жыры болып, өмірінің мағынасына айналған. Махамбет өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, көзі ашық, көкірегі ояу жан болған. Ол орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген.

Махамбет поэзияда қандай дара болса, күйде де сондай оқшау. Оның күйлері адуын мінезімен, асқақ сезімімен дараланады. Азаттық үшін күрес жолында бастан кешкен ауырлық-тауқыметтер, үзеңгіллес серіктерінің өр тұлғалары, туған жердің қадір-қасиеті Махамбет күйлеріне арқау болып отырады.

Өтемісұлы Махамбеттің күйлері: «Ақжелен», «Жайық асу», «Жорық», «Жұмыр-Қылыш», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Қайран Нарын», «Қиыл қырғыны», «Нарын», «Өкініш», «Тарлан», «Шілтерлі терезе» т.б.

Сармалай (1835-1885 жылдар)

Сармалай Орал облысының Фурманов ауданында қарасты Талдықұдық деген жерде туған. Азан шақырып қойған атты Садық екен. Кедейліктің қамытынан құтыла алмай, қоңсы отырған орыстың Петрушко деген байына жалданып, сол кезден бастап төңірегіндегілер Садықты «Сармалай» деп атап кеткен. Сыбызғышылықты ата-бабасынан мұра еткен Сармалай есейе келе Сабыр деген сыбызғышыны ұстаз еткен. Сармалай күйлері негізінен өзі өскен ортаның сан сала көріністеріне арналады. Табиғаттың тылсым сыры, оның аясындағы жан-жануарлар болмысы бір сәттік жағдайдан бастау алып, алуан түрлі сезім күйіне ұласады. Сармалай күйлеріне табиғат, қоршаған орта еш уақытта жалаң алынбайды. Ұдайы адам мен табиғаттың, адам мен жан-жануарлар дүниесінің, адам мен қоғамның біте қайнасқан тұтастығын әйгілеп отырады.

Сармалай мұрасы бүгінгі күнімізге әйгілі сыбызғышы Уәлиев Ысқақ арқылы жеткен. Ысқақ 1944 жылы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты.

Сармалай күйлері. «Ақсақ құла», «Бұлбұл», «Жетім қыз», «Қара жорға», «Қоңыр бұқа», «Нар идірген», «Сансызбай», «Шал бүркіт» т.б.



Шоңманұлы Тоқа қазіргі Жезқазған облысының Жанаарқа ауданындағы Көктал өзенінің бойында дүниеге келген. Арқада Тоқа деген ру аты да бар. Сол Тоқа руынан айырып атау үшін үзеңгі тұстастары күйшіні Сайдалы Сары Тоқа деп атап кеткен.

Тоқа өз төңірегіндегі ел-жұртқа әділдігімен танылған, өнерпаз күйшілігімен даңқы шыққан. Оның іреп айтатын уытты тілі, өз кезінің әділетсіздігіне қарсы шығуы дұшпандарын да көбейтіп баққан. Тоқаның екі жылдай жер ауып, айдауда жүріп қайттуы да өз заманының зорлық-зомбылығымен көп беттескенің аңғартады. Тоқа өз кезінде Тәттімбет, Ықылас, Қыздарбек, Дайрабай сияқты күйшілермен қадірлес, сыйлас болған. Найманнан Шашақ деген домбырашысымен, бала күйші атанған Сүгір Әлиұлымен күй айтысына түскен. Қырғыз Шәбденнің асына қатысып, күй сайысында бас жүлдені жеңіп алған. Тоқа оң және теріс бұрауда көп күй шығарған. Әсіресе, қазақтың күйшілік өнеріне ғажайып рең беретін теріс бұрау күйлерінің дәстүрін Тоқа ілгері дамытып, биікке көтере білген.

Тоқаның күйлері: «Азамат», «Аққу», «Айдос», «Алшағыр», «Балшекер», «Боз айғыр», «Жалғыз ішек», «Жолды қоңыр», «Қосбасар» (үш нұсқасы бар), «Ерке қыз», «Сарыжайлау», «Сары өзен», «Төрт толғау» т.б.

Тоқа (1830-1914 жылдар)



Тауданбекұлы Дәуітбай Бұқтырма өзенінің бойында дүниеге келіп, нағыз толысқан, асыл өнерімен ел-жұртын тәнті еткен шағында репрессияның құрбаны болған.

Дәуітбай дәулескер күйші-композитор, арқалы ақын. Ол жиырмаға жаңа іліккен шағында өз жұртындағы әуқаттылау үйдің қызына ғашық болған. Қыз да көңілін қосып, бас құрауға келісім береді. Бірақ, қыз әкесі оң шырай бермеген соң, Дәуітбай қызды өз келісімімен алып қашып, Монголияның Баян-Өлгий жағындағы нағашы жұртына өтіп кетеді. Мұнан кейінгі өмірі осы өңірде өтеді.

Дәуітбай ел ісіне белсене араласқан, көзі ашық, көңілі сергек жан болған. Монғол Халық Революциясының жеңісін (1921) Дәуітбай үлкен үмітпен қарсы алды. 1924 жылы белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов Коминтерннің Монголиядағы уәкілі ретінде келгенде, оның жергілікті жердегі арқа сүйеген азаматтарының бірі осы Дәуітбай болған. Тұрардай азаматтың жас та болса бас болғандай зерледі ақыл-парасатына риза болған Дәуітбай оған «Арнау» атты күй шығарған. Дәуітбай күйлері әсем-сазды ырғағымен, бай әуенімен, сезімтал сырымен ден қойғызады.

Тауданбекұлы Дәуітбайдың күйлері: «Арнау», «Арнау», «Жалма айдаған», «Жаяу солдат», «Ертіс толқыны», «Қайран Бежен», «Тарту» т.б.

Дәуітбай (1873-1937 жылдар)



Дайрабай (1860-1937 жылдар)

Ерназарұлы Дайрабай Қарағанды облысына қарасты Жаңаарқа ауданының жеріндегі Атасу өзенінің бойында дүниеге келіп, Шымкент облысының Қызылқұм ауданына қарасты Шәуілдір селосының маңындағы Шілікті деп аталатын қыстауда дүние салған.


Дайрабай азаттық сүйгіш, жүйрік ат, қыран құсқа құмар, сері көңіл жан болған. Содан да болар, ол Тоқа, Ықылас, Қыздарбек, Әбди сияқты күйшілермен, Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Үкілі Ыбырай, Төлебай сал сияқты әйгілі өнерпаздармен дәм-тұзы жарасып, қадірлес-сыйлас болған. Оның есесіне Дайрабай заманымен тіл табыса алмай, Қазан төңкерісінен бұрын да, кейін де құғын-сүргінді көп көрген.

Дайрабай күйлері бітім-құрылысының мінсіздігімен, әуен-сазының мейлінгше бай нақыштарымен, сондай-ақ, айтар ойының сергек те сезімталдығымен дараланады.

Оның күйлері аз аяда аста-төк ойды сапырып, тыңдаушы рухын аспандатып, өмірге ғашық етіп үлгереді. Сөз жоқ, бұл біртуар дарының ғана қолынан келер күдірет.

Табиғат оған әншілік, ақындық, күйшілік сияқты ғажайып қасиет дарытқан.

Ерназарұлы Дайрабайдың күйлері: «Әттеген-а»», «Дайрабай» (төрт нұсқасы бар), «Қоштасу», «Қыр, » «Сыр», «Сырдың суы», «Шәуілдір» т.б.




Ұлықбек-Ақсақ Темірдің немересі. Атасы Темір қайтыс болғаннан кейін Ұлықбек 15 жасында Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігінің әміршісі болды, алайда ол ақыл-парасатын атасы сияқты соғыстарға емес, табиғат құпиясын білуге арнады. Осы мақсатпен Самарқанда обсерватория салдырды. Бірнеше қалаларда жаңа бағыттағы жоғары оқу орындарын, медреселер ашады. Ұлықбек медресесінің ғимараты күні бүгінге дейін сақталған.

Ұлықбек жайында замандасы, ақын Әлішер Науаи былай деп жазды: «Сұлтан Ұлықбек-Әмір Темірдің әулеті, дүниеде теңдесі жоқ патша болды. Оның тұыстарының бәрі о дүниеге сапар шекті. Оларды қазір кім біледі? Ал Ұлықбек болса ғылымға қол созып, көп нәрсені игерді. Оның ашқан заңдары мен ережелері адамдар керегіне жарай береді».

Ұлықбек жастайнан поэзияға, пәлсапа, тарихқа, әсіресе, астрономияға құштар болды. Ол Платон, Аристотель, Птолемей сияқты грек ғалымдарының еңбектерімен ерте танысты. Орта Азияның ұлы ғұламалары Әл-Фараби, Әл-Бируни, Әбу Әли Ибн Сина (Авиценна) еңбектерін жете меңгерді.

Ұлықбек (1394-1449)



Это было время поэтов и воинов. Это было время, когда слово почиталось за оружие и им пользовались без разбору и надобности. Это было время, когда конь был лучшим другом, а меч-кровным братом. Смерть наступала в славных боях, и редко кто доживал до старости. Доблесть воинская обростала легендами, и воспевали ее веками у долгих степных костров, и слава ушедших возносилась вместе с дымом к далекому небу. И горе тому, кто проявлял трусость в поступках или помыслах своих. Позор покрывал весь его род и всю его семью. У Бога было имя. И звали Бога-Тенгри. А наместником его на земле был каган. И словл кагана становилось законом. Домом была Степь, а судьбой дорога, по которой кочевал степняк из поколения в поколение, из года в год, из века в век.

Истиной были заветы отцов, а ложью-это зыбкая жизнь, в которой поровну и счастья, и горя.

Рождались герои. Уходили герои. Оставались песни. И все так же зачарованно смотрел кочевник на ночное небо, пытаясь постичь великую тайну бесконечных звезд...

Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж.с.д. 570-520)- түркі-сақ халықтарының байырғы заманда елі билеген атақты әйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оны «массагет» деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы-Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсының әйгілі патшасы Кирдің (ж.ж.с.д. 558-530)-Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, «жеңілуді білмейді» деп дәріптелген әскерін ашық шайқаста тас-талқаның шығарып жеңумен тікелей байланысты.

Мемлекетінің аумағын тойымсыздықпен кеңейте беруді ойлаған Кир патша батыс елдеріне аттанбас бұрын әуелі шығын жағын қауіпсіздендіру мақсатымен түркі-сақ еліне аттандырып, олардың ханшасы, сол кезде күйеуі өліп жесір отырған Тұмардың (Томириске) өзіне тұрмысқа шығуын сұрайды.

Бұл Кирдың түркі-сақтармен соғысуға желеу іздеу еді. Тұмар ханша Кирдың ұсынысын қабылдамай тастайды. Осыны желеу еткен Кир өзінің жау қайдалап жұтынған жаужүрек жауынгерлерін шығысқа қарай қаптатады. Аракс дариясына жетіп, үстінен қалқыма көпірлерді құруды кемелердің кермесінде мұнара қамалдар тұрғызуды әмір етеді.


Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж.с.д. 570-520)



Обитали когда-то у Азовского моря воинственные амазонки. Прекрасно владея луком и боевым топором, они проводили время в бесконечных битвах. Ради продолжения рода амазонки вступали в брак с чужеземцами, отдавая на воспитание или убивая мальчиков и оставляя себе девочек. Пологают, что их имя происходит от обычая выжигать у девочек левую грудь (с др. греч. «амма-грудь»), которая мешает стрелять из лука.

Вместе с троянцами амазонки защищали от эллинов древнюю Трою. В этой войне Ахилл убил героиню амазонок Пенфесилею. Геракл осадил город амазонок Фемискару и добыл пояс царицы Ипполиты. Тесей взял в жены Антиопу (мать Ипполиты). Они основали город Эфес и посторили в нем храм Артемиды. Скифы называли амазонок «эорпата», что значит «мужебийцы». Однажды амазонки попали в Кремны на Азовском море, там жили скифы. Скифы пожелали иметь детей от смелых воительниц, поэтому их юноши женились на амазонках. Народ, произошедший от этого союза, называются сарматы (савроматы). Сарматы основали государство на реке Илек, в степях южного Приуралья. Потомки царицы Ипполиты сыграли значительную роль в истории кочевых народов Древнего Казахстана и Средней Азии.

Царица амазонок Ипполита (легенда о том, как произошли сарматы-один из древних тюркских народов Средней Азии)



Много веков тому назад прокатывались по древней земле Турана и Персии беспощадные войны, унося тысячи жизней. Царь Турана Афрасиаб и его извечный враг царь персов Хосров не щадили воинов, посылая их из одной битвы в другую.

Однажды персидский царевич Сиявуш увидел среди гуляющих девушек дочь Афрасиаба царевну Фарангиз и влюбился в нее. И она, увидев царевича, поняла, что если кому и суждено стать ее мужем, то только царевичу Сиявушу.

С трудом согласился царь Афрасиаб на брак любимой дочери и персидского царевича.

И тогда царевич Сиявуш решил построить город справедливости Сиявушград, в котором процветали бы доброта и милосердие, справедливость и правда, равенство и свобода. Долго трудились бок о бок сакские и персидские воины, забыв о вековой вражде. Наконец, возвели они город из белого мрамора, украсили его стены и ворота искусной резьбой, поставили на четырех сторонах свята высокие башни. Вот-вот должна начаться свадебная церемония. Но помешали коварные враги. Клевета разрушила мир, а возлюбленные погибли. И война Турана и Ирана началась снова.

Город влюбленных, в котором мечтали жить царевна Фарангиз и ее возлюбленный царевич Сиявуш, был разрушен, и даже место, где он когда-то возвышался над степью, неизвестно никому.

Царевна Фарангиз-дочь царя Афрасиаба



Двадцать пять веков назад царицей саков была бестрашная красавица Зарина. В один из погожих дней выехала она прогуляться по просторам родной степи.

Стрелой взлетел ее белый конь на врешину холма, и Зарина заметила у его подножия незнокомое войско. А те, увидев всадника, пустились в погоню. Но Зарина сумела вырваться из окружения. Позади остались преследователи, лишь царевич Мидии Стриангей молнией несся на своем вороном коне. А догнав, увидел, как соскочил с головы ее серебряный шлем, рассыпались по спине золотые волосы, сверкнули гневно глаза черней черемухи. Поняв, что перед ним женщина, витязь отбросил меч, соскочил с коня. Красота Зарины так поразила Стриангея, что он влюбился без памяти в царицу саков. Зарине тоже пришелся по душе прекрасно сложенный и отважный витязь. Долго беседовали они, и она поняла, что он еще и добр. Не раз вместе охотились царица саков и принц мидиян. И чувства их возрастали. На смену вражды к народам пришли мир и согласие.

Наконец, Стриангей предложил Зарине соединить их судьбы и объединить царства! Зарина была бы рада принять его предложение, но думала она не только о себе, но и судьбе своего народа. Целый год размышляла она, тысячу дум передумала и поняла, что если станет женой Стриангея, то царствовать будет он. Вместе с ней и народ ее будет подвластен ему. И отказала. В ту пору между Тураном и Мидией не было войн, ни набегов. Этот мир ценой личного счастья подарила своему народу Зарина.

Царица Турана Зарина



Кыпчакская принцесса Гурандухт

В XII веке грузинский царь Давид IV Строитель боролся за объединение феодальной Грузии, яростно отбиваясь от сельджукских турков, персов и внутренних врагов, не желавших объединиться. И внутренние враги были большей угрозой, ибо сказано в «Книге моего деда Коркута», не страшен враг внешний, а страшнее враг внутренний. Феодалы устраивали заговоры, боясь усиления царской власти.

Однажды они так досадили царю Давиду, что он обратился за помощью к родственникам жены, кыпчакам.


Жена Давида IV Гурандухт (принцесса Турандот) была дочерью хана кыпчаков Шарагана (Шарухана). Царь Давид пригласил к себе на службу Атрака, сына хана Шарагана и брата принцессы.

С кыпчаками враждовали воинственные осетины, но царь Давид убедил их пропустить через Осетию 40000 отборных кыпчакских воинов, не считая 5000 всадников личной охраны. Так кыпчаки помогли царю Давиду сломить сопротивление грузинской знати, объединить Грузию и отбить нашествие сельджукских султанов.

Позднее историю о кыпчакской царице Гурандухт узнали в Европе, и итальянский драматург Карло Гоцци написал пьесу «Принцесса Турандот», в которой главной героиней была дочь Турана-Гурандухт.

Сотни лет назад территория Великой Степи, которая простиралась от излучины Желтой реки (Хуанхэ) в Китае на Востоке вплоть до Дуная на Западе, была родиной многих племен и народов, кочевавших по бескрайним ее просторам. Частые войны, внутренние междоусобицы ослабляли кочевников. Многие народы постепенно сходили с политической арены, поглощаясь другими народами, и как бы исчезали с лица земли. Скифы, саки, массагеты, сарматы, хазары, авары, печенеги... Эти воинственные племена, которые являлись предками ныне живущих тюркских народов, составляли когда-то государства Великой Степи. Все они вписали свою страницу в многотомную степную летопись.


Предводитель гуннов-Каган Моде.



Немало старинных преданий и легенд дошло до наших дней. Одна из них о славном кагане-Модэ. Гунны могли на полном скаку срубить лозу, низко наклонясь к земле, собрать мелко расыпанные предметы, легко перепрыгивали с одного бешено несущегося коня на другого...Больше всего Модэ нравилось, когда всадник, вцепившись в гриву коня сбоку, скакал так долгое время. Славились гунны и своим владением копьем. **Однако весь облик гунна-воина невозможно представить без коня. Каждый такой конь стоил целое состояние. Соседи-китайцы предлагали взамен всякие диковинные вещи. Но разве может воин продать своего самого преданного друга. И аргамаки платили ответной любовью своим хозяевам. Конь выносил с поля битвы, спасал от погони и даже помогал в бою-стаскивал зубами противника и топтал его копытами. Модэ мог запросто сбросить свой богато расшитый камзол, расстегнуть пояс и устроить свалку с самым сильным борцом в своем окружении. А еще он много времени проводил в беседах с мудрецами и сказителями. Любил слушать длинные песни о славном прошлом своего народа.**

Легендарный каган гуннов Модэ умер в 174-ом году до н. э. Сын предателя-отца, обреченный на смерть заложник-аманат, вырвав из рук судьбы зависимую от могущественных соседей страну, Модэ объединил народы Центральной Азии и создал непобедимую империю. Государство гуннов просуществовало 300 лет, а имя его великого правителя пережило тысячелетия.

Каган Моде



В древних мифологических представлениях и героическом эпосе кочевых народов степей Евразии лошади отводится особое, одно из важнейших значений. Истоки средневекового эпоса, где конь показан способным перемещаться на большие расстояния в пространстве по горизонтали и вертикали, волшебный конь, кроются в представлениях эпохи ранних кочевников, что проявляется в традиции украшать коня, снаряжать для посмертного путешествия. Значение коня для кочевника трудно переоценить. Отметим, что по одной из версий именно территория Казахстана рассматривается исследователями в качестве центра сложения коневодства. Видимо, возникновение культа коня исчисляется не одной тысячи лет. Отголоски трепетного отношения к этому благородному животному частично зафиксированы в немногочисленных письменных источниках эпохи палиометалла и сведениях, оставленных Геродотом. Погребальный обряд, предполагающий захоронение коня в одной могиле с человеком, зафиксирован в Казахстане в эпоху бронзы.

Предположительно, так выделяются погребения особо значимых персон, имевших при жизни определенный вес и авторитет в обществе, заслуживших почет и уважение своими экстраординарными качествами, которые проявились во многих моментах, пронизывающих все сферы общества, будь то мирное существование, войны, борьба со стихией, джуты и т.п. Это могли быть почитаемые воины, вожди.

Обряд сопогребения коня на территории Казахстана отчасти прослеживается и в настоящее время, пройдя сквозь многие сотни лет, он претерпел сильные изменения. Тем не менее, в ритуальной практике погребального обряда казахов до сих пор присутствует отдаленный отзвук давно минувших лет и связано, это видимо, с той великой ролью, которую играло это животное в повседневной жизни номада.

В тот холодный февраль 1155-го года во всех степных кочевьях обсуждали важную весть: монголы отомстили предателям-татарам, которые выдали Амбагай кагана китайскому императору. Многие умели прощать монголы, но никогда не прощали они предательства. К тому же, Амбагай каган был одним из самых видных предводителей Великой Степи, и потеря его плохо сказывалась на могуществе монголов. Правитель Поднебесной жестоко казнил знатного пленника. Умирая, Амбагай каган завещал своим соплеменникам.

-Мстите за меня, монголы! Мстите не только до тех пор, пока не потеряете ногти на пальцах, но до тех пор, пока не потеряете все десять пальцев! И монголы мстили. Они разбили наголову татарское войско во главе с их предводителем Темучином. Храбро сражался Темучин, до последнего бойца сражался, до последнего вздоха... Монголы ценили воинскую доблесть и отвагу. Смерть в бою-почетная смерть. Еще больший почет-умереть с достоинством. Так, чтобы даже враги запомнили. Радовались монголы. Среди тех, кто остопо отличился в бою, был глава рода Кият-Борджигин знаменитый Есугей-бахадур. У него в этот день был двойной праздник. До лагеря донеслась весть, что его жена-красавица Оэлун из рода конрат родила первенца-сына. И еще говорили, что мальчик при рождении сжимал в руке кровавый ком... В память о победе Есугей назвал сына именем славного татарского воина Темучином.

Есугей-бахадур. Темуджин. Чингис хан.



Жамақұлы Байбарыс (1223-1277)-түркі әулеті Баһриден шыққан мамлюктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оны тарихи шығармаларда Бейбарыс, Бибарыс деп те атайды. Оның шыққан тегі-қыпшақ. Бірақ қай жердің қыпшағы дегенге келгенде әр түрлі деректер айтылып, бірі-Хорезм, Дербент қыпшақтарының десе, екіншілері маңғыстаулық елі дегенді айтады. Соңғы зерттеулер бұл дәлмалдықтың түйінін шешіп, Бейбарысты қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екенің анықтауға мүмкіндік берді. Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы-«Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі-Әйек деп, олардың нақты есімдерін аттап көрсеткен. Байбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген. Алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсініскен.

Байбарыс Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукларидің атымен әл-Бундуклари деген есімге ие болды. Кейін Байбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сұлтаны Салих Нажумиддин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді қабылдайды. Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді.

Египеттің жаңа сұлтаны Муизэддин Айбек Айюби әулетінің соңғы сұлтаны Муаззам Тураншахты өлтірушілерді жазалау науқаның бастаған кезде, Байбарыс бас сауғалап, Сирияға қашып кетеді. Содан мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады. Мұнда таққа жаңа отырған Мұзаффар Сайффудин Кутуз сұлтан оны әскеріне басшы етіп, Сирия жеріне ішкерлей кірген моңғоларға қарсы күреске аттанады.

Байбарыс сұлтан.
(Бейбарыс әд-Мәлік әз-Заһир
әд-д-дин Байбарыс әд-
Бундуклари әл-Салихи).
(1223-1277)



Қазақ батырлары. Ту алып, тұлпар мінген батырларым.

Қазақ батырлары, француздың рыцарьлары, жапонның самурайлары, индиялықтардың кшатрийлары сияқты тек әскери кәсіппен шұғылданған. Басқа кәсіппен айналысуды олар өздеріне ар санаған. Сондықтан батырлардың бар өмірі соғыста өткен. Соғыс негізінде Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың қонысын, жерін кеңейту, жау қолында өлген ата кегін қайтару мақсаттарымен жүргізілген. Үлкен соғыс алдында батырлардың жекпе-жекке шығуы-олардың басты міндеттері болған. Жекпе-жек бірнеше күнге созылған.

Қазақ халқы ғасырлар бойы күні кешеге дейін жаугершілік жағдайда өмір сүріп, өз елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғап отыруға мәжбүр болған. XVII-XVIIIғ. өмір сүрген тұлғалар: Абылай хан, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр, Баян батыр, Райымбек батыр, Ханкелді батыр, Малайсары батыр сынды халқы үшін өшпес ізін қалдырған батырлардың ерлік істтерінің қайнар көзі-елін, жерін сүю, халқының ар-намысын қорғау, мемлекеттік тәуелсіздікті сақтау еді.

Еділ батыр-қазақ халқының арғы аталары ғұндар тайпасынан шыққан. Ол шамамен 410-453 жылдарда өмір сүрген.

Еділ есімі (тарихта ол **Аттила** деп аталып кеткен) тарихта Александр Македонский, Юлий Цезарь сияқты ұлы қолбасшылардың қатарында аталады. Ол құл иеленуші қоғамының жойылуына зор ықпал еткен.

Еділдің ерліктері жайында ағылшын, француз тілдерінде аңыздар, әңгімелер өте көп. Француз драматургі Вернер Цахариас «Ғұн патшасы Атилла» атты трагедиясын жазды. Мұнда Еділ құл иеленуші Рим империясын құлатушы батыр ретінде мадақталады.

Еділ Ғұн патшасы болып 434 жылы таққа отырады. Бұл кезде ғұндар Еділ мен Рейн аралығын алып жататын.

Ғұн мемлекеті V ғасырдың ортасында қатты күшейеді.

Еділ патша Рим империясына шабуыл жасайды. Рим империясы Еділдің күшіне шыдамай, құлайды. Сөйтіп, Еуропада құл иеленушілік құрылыс жойылады.

Аттила-Еділ батыр.



Қаракерей Қабанбай батыр.

Қаркерей Қабанбай батыр туралы халық аузында сақталып, біздің заманымызға жеткен, қағаз бетіне түскен жыр, әңгіме әзірше төртеу. Олардың ішіндегі толығырағы және ең көркемі Сағымбайұлының ел аузынан жазып алған нұсқасы. Жырда батырдың өз халқының қамы үшін, ел намысы, ел кегі жолындағы күрестерінің, көп жорықтарының соңғы бір кезеңі, батырдың өз өмірінің ақырғы белесі суреттеледі. Қабанбай елінен аулақ сапарда жүргенде, ежелден өштесіп, ішіне кек сақтап жүрген қырғыздың Аманалы деген батыры Қабанбайдың елін шабады. Жауына елінің кегін жіберіп көрмеген ел қорғаны Қабанбай батырға бұл қорлық қатты батады.

Қарт батыр халқына хабар айтып, жауына аттанбақ болады. Қабанбай хабарын есітген қазақтың атақты батырлары тұс-тұстан Қабанбай туының астына жиыла бастайды.

Көкжарлыдан көкжал Барақ, Шақшақ ұлы, Жәнібек батыр, ақылгөй қарт Бұхар, батырдың інісі Дәулетбай, Жанатай батыр келеді.

Сөйтіп, қазақ халқының қол бастаған батырлары, топ бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері түгел жиналады. Қабанбай батыр бастаған қазақтың еңіреген ерлері ту алып, тұлпар мініп, егескен жауының еңсесін басып, ел кегін алу жорығына шеру тартып кетеді. Батырлар күні-түні жолбарыстай жортып, Алатауға келіп, жаумен кездесе алмай, жау жерінде айлап жатады. Бөгенбай, Барақ сияқты бас батырлардың да шыдамы таусылып, Қабанбайға қайтуға рұқсат бер дейді.

Қабанбай бұларға тоқтау айтып, жауды жеңбей елге қайтуға рұқсат бермейді. Соны айтып, ер Қабанбай күлімдейді: «Қой қайтпайық, сабыр ет, інім», - дейді. Сол күні жел жоқ, бұлт жоқ шаңқай түсте Ақ туы Қабанбайдың дүрілдейді. Жауды аңсаған ерлер қанды майдан ұрысқа қамданды.

Қаруылға кісі жіберіп, жау хабарын асығыс күтеді. Сол кезде көшіп кеткен бір тайпа көрінеді. Жауды көріп қауанған ерлер, аттарына асығыс аттанып, ұрысқа даярланып, көш алдына шығады.

Бұл көш кешегі Қабанбайдың елін шапқан жауы, Аманалы батырдың көші болады. Ол інісімен араздасып, бөліне көшкенде, аңдып жатқан жауына абайсызда кездеседі. Аманалы жаудан беті қайтпаған еңірегеген ер, қамал бұзған қайсар батыр. Көштің алдын тосқан қаптаған жауына жалғыз қарсы шығады. Аманалы батыр Қабанбай қолынан алдын кес-кестеп, қазақ батырларын иіріп тастайды, Оған жекпе-жекке ешкім шыға алмай, қаймығып қалады.

Жібермей, қолдың алдын иіреді, батырлар ыза болып күйінеді. «Ұмтылды шыдай алмай Жантай батыр, Найзамен түйреп мұны жіберді». Жекпе-жекке шыққан Богенбайды да найза шайқап жақындатпайды. Көкжарлы көк жал барақ барған шақта, найзамен іліп тастайды. Ызаға шыдай алмай сексен сегіздегі қарт Бұқар жырау ұмтылады.

Сөйтіп, Аманалы қазақтың даңқты батырларын жекпе-жеке шыдатпай, бірінен соң бірін түсіре береді. Әрбір батырды Аманалы қаңбақ кұрлы көрмейді. Қырғыз батырының асқақтығына шылдай алмай, Қабанбайдың інісі Дәулетбай батыр шығады. Жекпе-жек айқаста Аманалыға Дәулетбай да қарсы тұра алмайды. Күші басым Аманалы Дәулетбайды найза ұшына іліп алып көтереді. Қазақ батырларына бұл қорлық қатты батады. Ту ұстап тұрған Қабанбай бұдан ары шыдап тұра алмайды. Інісін жау найзасының ұшында көрген қарт батыр томағасын сыпырған қарындай жетіп келеді.

Көбекең кейін тұрған қолды бастап,

Қырғыздың көрініп тұр өнері асқақ.

Ұмтылды таудан кұұлай ер Қабанбай,

Ақ туды Шағалаққа бере бастап.

Найзадан Дәулетбайды тастай берді,

Дұшпаның Қабанбайдай көзі көрді.

Кұдайдан тілегенім сен едің деп,

Ат қойып Қабанбайға жетіп келді.

Қабанбай асқақтаған Аманалыны найзамен іліп алып, басынан тоғыз қабат айналдырып жерге ұрады.

Батыр Бөгенбай

Бөгенбай батыр Қабанбай батырдан 11 жас үлкен. Қазақтың қалың қолын бастаған Бөгенбай қарт бола бастаған кезде аға жүгін жеңілдетер Қабанбай шықты. Екі қолбасшы қазақ бағына туған қос жұлдызы болды. Олардың орны Абылайды қоршаған батырлардың ішінде ерекше еді. Бөгенбай батыр VIII ғасырда қазақ батырларының ең жасы үлкен ақсақалы. Ол 1708 жылы 28 жасында 30 мың қолға қолбасшы болып, қазақ елінің берекесін алып, құтын қашырған қазақ-орыстарды талқандап, Еділден ары асырып тастады. Үмбетей жыраудың:

Балдырғаны білектей,
Бүлдіргені бүйріктей.
Бөденесі үйректей,
Шортаны тайдай шулаған,
Ұзыны шексіз, ені алыс
Еділден өттін, Бөгенбай!-

деп жырлауы осыдан. Қарабалта түбінде қырғыздармен болған шайқаста Бөгенбай батыр 77 жаста екен. Сонда батыр қазақ қолының басы-қасында 49 жыл болған болып шығады.

Назарларыңызга рахмет!!!

